**Көлік және коммуникация саласындағы салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 14 наурыздағы № 188 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 сәуірде № 9355 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 629 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.05.2015 № 629 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138-4-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған көлік және коммуникация саласындағы салалық біліктілік шеңбері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Кадр және әкімшілік жұмыс департаменті (Е.Е. Хасенов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, бұқаралық ақпараттар құралдарында ресми жариялануын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік мекемесінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға көшірмесін жолдауды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. «Көлік және коммуникация саласындағы салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің

міндетін атқарушысының 2013 жылғы 29 шілдедегі № 576 бұйрығының ( Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8675 болып тіркелген, 2013 жылғы 31 қазанда № 243 (28182) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

5. Осы бірлескен бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Министр* *Ж.Қасымбек*

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрінің
2014 жылғы 14 наурыздағы
№ 188 бұйрығымен бекітілген

## Көлік және коммуникация саласындағы салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы 1. Жалпы ережелер

1. «Көлік және коммуникация саласындағы» салалық біліктілік шеңбері ( бұдан әрі - СБШ) «Ұлттық біліктілік шеңберін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 444 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушысының 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 373-п-м бірлескен бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 19 қазандағы № 8022 тіркелген, 2012 жылғы 16 қарашадағы № 174 (2182) «Заң газеті» және 2012 жылғы 24 қараша № 771-775 ( 27847) «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған), Ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) негізінде әзірленді және орындалатын жұмыстардың күрделілігі мен қолданылатын білім, дағды, құзырет сипатына байланысты деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды көлік және коммуникация саласында жіктейді.

2. СБШ мақсаты – кәсіптік, сертификаттау және білім беру стандарттарын кейіннен әзірлеу үшін саланың технологиялық талаптарын ескере отырып, БҰШ-тың деңгейлік біліктілік құзыреттерін сипаттау.

3. СБШ негізгі пайдаланушылары Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік жүйесін құру шеңберінде саланың кәсіби стандарттарын әзірлеумен айналысатын сарапшылар, әзірлеушілер, көлік-коммуникациялар кәсіби қызметі саласындағы жұмыс берушілер, басшылар және мамандар, сондай-ақ жұмыс тобының мүшелері болып табылады.

4. СБШ-та саланың қолданылатын және перспективті технологияларын ескере отырып, қызметкерлердің қызметтік, машықтарына және біліміне

қойылатын талаптар сипатталады.

5. СБШ мына қағидаттарды ескере отырып, БҰШ негізінде әзірленеді:

1) салалардың қолданыстағы және болашақтағы технологияларын ескере отырып, қызметкерлердің қызметтеріне (қызметтік), машықтарына және біліміне қойылатын БҰШ-тың біліктілік деңгейлерінің талаптарын нақтылау;

2) саланың басымдықтарын айқындау және компанияның бизнес-мүдделерін есепке алу;

3) төменгі біліктілік деңгейлерінен жоғарғыларына өткен кездегі қызметтердің ауыспалылығы және үздіксіздігі;

4) барлық тұтынушылар үшін біліктілік деңгейлер сипатының ашықтығы;

5) біліктілік деңгейлері иерархиясының еңбек бөлінісі құрылымына және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне сәйкестігі;

6) кәсіби қызмет көрсеткіштері арқылы БСШ-ның біліктілік деңгейлерін сипаттау;

7) қызметті жүзеге асыратын қызметкерлерді емес, олардың еңбек қызметінің түрлерін және олардың лауазымдық міндеттерді орындау сапасын сипаттау.

6. СБШ:

1) нақты салада еңбек нарығын және білім беру жүйесін дамытудың жалпы стратегиясын қалыптастыруға, оның ішінде нақты біліктілікті алуға, біліктілік деңгейін арттыруға, карьералық өсуге әкелетін білім берудің әр түрлі аймақтарын жоспарлауға;

2) көлемді еңбек ұтқырлығын қалыптастыруға;

3) кәсіби және білім беру стандарттарын, кәсіби білім беру бағдарламаларын әзірлегенде қызметкерлер мен түлектердің біліктілігіне қойылатын талаптарды бірыңғай көзқараста сипаттауға;

4) білім беру және біліктілікті сертификаттау нәтижелерін бағалау рәсімдерін әзірлеуге, сертификаттар жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

7. Саланың стратегиялық мақсаттары мен міндеттері болып:

1) Қазақстан Республикасының көлік инфрақұрылымын дамыту;

2) көлік-коммуникациялық кешенінің дамуының озық қарқындарына жету;

3) автомобиль жолдары саласы инфрақұрылымының даму деңгейінің өсуі;

4) темір жол саласы инфрақұрылымының даму деңгейінің өсуі;

5) су көлігі инфрақұрылымының даму деңгейінің өсуі;

6) автомобиль көлігі инфрақұрылымының даму деңгейінің өсуі;

7) Қазақстан Республикасының транзиттік-көліктік әлеуетті дамыту;

8) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалдауларды арттыру;

9) Қазақстан Республикасының көліктік кешенің халықаралық көлік желілеріне ықпалдастыру деңгейін жоғарылату табылады.

## 2. СБШ паспорты

8. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) көлік және коммуникация саласындағы экономикалық қызмет түрлері мынадай кәсіби қызметтік салалары бойынша анықталады:

1) осы СБШ 1-қосымшасының кестесінде анықталған көліктік инфрақұрылымды, көліктік машиналар мен жабдықтар паркін дайындау;

2) осы СБШ 2-қосымшасының кестесінде анықталған жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қызметтерін ұсыну;

3) осы СБШ 3-қосымшасының кестесінде анықталған көліктік инфрақұрылымды жөндеу және ұстау, машиналар мен жабдықтар паркін жаңарту.

9. Еңбек қызметінің түрі мыналарға бөлінеді:

1) басқарушылық;

2) атқарушы-басқарушылық;

3) атқарушы.

10. СБШ осы СБШ 4-қосымшада келтірілген.

Көлік және коммуникация саласындағы салалық біліктілік шеңберіне
1-қосымша
Кесте

## Көліктік инфрақұрылымды, көліктік машиналар мен құрал-жабдықтар паркін дайындау

| ЭҚЖЖ коды | Экономикалық қызмет түрлерінің атауы |
|---|---|
| 30 | Басқа көлік құралдардың өндірісі |
| 30.2 | Теміржол локомотивтері мен жылжымалы құрамының өндірісі |
| 42.1 | Автомобиль және темір жолдардың құрылысы |
| 42.11 | Жолдар мен автомагистральдердің құрылысы |
| 42.12 | Теміржолдар мен метроның құрылысы |
| 42.13 | Көпірлер мен туннельдердің құрылысы |
| 42.9 | Басқа инженерлік құрылыстардың құрылысы |
| 42.91 | Су құрылыстардың құрылысы |
| 42.99 | Басқа топтарға қосылмаған өзге инженерлік құрылыстардың құрылысы |
| 43.1 | Бар құрылыстарды бұзу және құрылыс үшін алаңды дайындау |
| 74.90 | Басқа санаттарға кірмеген өзге кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет |

Көлік және коммуникация саласындағы салалық біліктілік шеңберіне
2-қосымша

Кесте

## Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қызметтерін ұсыну

| ҚЖЖ коды | Экономикалық қызмет түрлерінің атауы |
|---|---|
| 49 | Құрлықтағы көлік және құбырлар арқылы тасымалдау |
| 49.1 | Жолаушы темір жол көлігі, қалааралық |
| 49.2 | Теміржол жүк көлігі |
| 49.3 | Басқа жолаушылар құрлық құрлықтағы көлік |
| 49.31 | Қалалық және жердегі қала маңайындағы жолаушылар көлігі |
| 49.32 | Такси қызметі |
| 49.39 | Өзге санаттарға жатпаған жердегі қала маңайындағы тасымалдаулардың басқа түрлері |
| 49.4 | Автомобиль көлігімен жүк тасымалдаулары және тасымалдаулар бойынша қызметтер |
| 49.41 | Автомобиль көлігімен жүк тасымалдаулары |
| 49.42 | Тасымалдаулар бойынша қызметтер |
| 50 | Су көлігі |
| 50.1 | Теңіз және су жағасындағы жолаушылар көлігі |
| 50.2 | Теңіз және су жағасындағы жүк көлігі |
| 50.3 | Өзен жолаушылар көлігі |
| 50.4 | Өзен жүк көлігі |
| 52 | Қоймадағы шаруашылық және қосымша көлік қызметі |
| 52.1 | Жүктің қоймалауы және сақталуы |
| 52.2 | Тасымалдау кезінде қосалқы қызмет түрлері |
| 52.21 | Құрлық құрлықтағы көлік саласында қызметтер |
| 52.22 | Су көлігі саласындағы қызметтер |
| 52.24 | Жүктің көліктік өндеуі |
| 52.29 | Тасымалдау кезінде өзге ілiспе қызметтер |
| 74.90 | Басқа санаттарға кірмеген өзге кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет |

Көлік және коммуникация саласындағы салалық біліктілік шеңберіне
3-қосымша
Кесте

## Көліктік инфрақұрылымды жөндеу және ұстау, машиналар мен жабдықтар паркін жаңарту

| ЭҚЖЖ коды | Экономикалық қызмет түрлерінің атауы |
|---|---|
| 33 | Машиналардың және жабдықтардың жөнделуі және орнатылуы |
| 33.11 | Дайын темір бұйымдарды жөндеу |
| 33.12 | Машиналардың және жабдықтардың жөнделуі |
| 33.17 | Басқа көлік құралдарын жөндеуі және техникалық қызмет көрсету |
| 45.2 | Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу |

| | |
|---|---|
| 45.20 | Автомобиль көлігі құралдарын техникалық қызмет көрсету және жөндеу |
| 74.90 | Басқа санаттарға кірмеген өзге кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет |

Көлік және коммуникация саласындағы салалық біліктілік шеңберіне
4-қосымша

# Көлік және коммуникация саласындағы салалық біліктілік шеңбері

| БҰШ деңгейі | СБШ деңгейі | Кәсіби қызмет салас 1. Көліктік инфрақұрылымды, көліктік машиналар мен жабдықтар паркін, көлік құралдар өндірісін дайындау, көлік құралдарын шығару | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Жеке және кәсіби құзыреттіліктерге қойылатын талаптар | Іскерлікке және машықтарға қойылатын талаптар | Білімге қойылатын талаптар |
| 1 | 1 | Күрделі емес жабдықты құрастыруға және бөлшектеуге дайындаған кезде қарапайым қызметтерді іске асыру бойынша тікелей басшылықтағы атқарушылық іс-қимылдар. Осы іс-қимылдардың кеңістікті-уақыттық, физиологиялық немесе қызметтік сипаттамаларын анықтайтын жұмыс беруші алдын ала белгілеген критерийлермен өз іс-қимылдарын салыстыра отырып, жұмыс беруші алдын ала әзірлеген алгоритмдер бойынша қарапайым іс-қимылдарды орындау. | Үлгілік күрделі емес практикалық тапсырмаларды орындайды, өзін өзі қадағалау және өзін өзі тәртіпте ұстау машықтарын иеленеді. Еңбектің жалпы техникалық, өртке қарсы, арнайы және экологиялық қауіпсіздігін анықтайтын ережелердің нормативтері мен талаптарына сәйкес өз іс-қимылдарын қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өзі бақылайды. | Еңбек пәні, оның өзгеру процесі және тиісті атқарушылық қызметтерді айналымы туралы негізгі біл Заттар мен еңбек құралдарының жағдайы туралы алғашқы ақпаратт жинау және осы ақпаратт тапсырмаға және/немесе жұмыстардың орындалаты алгоритміне сәйкес параллельді немесе бақылаушы деңгейге беру. |
| 2 | 2 | Көлік жабдығын сүйемелдеу және қызмет көрсету барысында жауапкершілікті және өздігімен жұмыс істеудің белгілі бір дәрежесін ұйғаратын басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша атқарушылық қызмет. Қарапайым тапсырмаларды орындау нәтижелері үшін, өзінің қауіпсіздігі, өзгелердің қауіпсіздігі үшін, қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптардың орындалуы үшін жауапкершілікте болу. Топта жұмыс істей білу – топтық жұмыс процесіне белсенді қатысу. Бірінші біліктілік деңгейіндегі қызметшілер үшін алдын ала әзірленген, ағымдағы кезеңде орындалатын алгоритмдер аясында | Жұмыс істеу тәсілін нұсқаулық негізінде таңдайды және күрделі емес тәжірибелік тапсырмаларды орындайды, қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі бақылау машықтарын және іс-қимыл түрлерін өздігінен түзетеді. Бірінші біліктілік деңгейіндегі қызметкерлерге тапсырмалар беруді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Өз іс-қимылдары мен бірінші біліктілік деңгейіндегі қызметкерлердің іс-қимылдарын орындалатын жұмыс алгоритмі аясында үйлестіреді. Дайындалған | Еңбек пәні, қарапайым үлгі міндеттерді орындауда нәтижелерге қол жеткізу құралдары мен тәсілдері туралы, атқарушылық қызм рефлексиясы туралы негіз білім. Заттар мен еңбек құралдарының жағдайы туралы алғашқы ақпаратт жинау және осы ақпаратт тапсырмаға және/немесе жұмыстардың орындалаты алгоритміне сәйкес |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | қарапайым іс-қимылдарды орындауға тапсырмаларды қалыптастыру. | реттеуші шешімдерді жоғары тұрған деңгейдегі қызметкерлермен келіседі. | параллельді немесе бақылаушы деңгейге беру. |
| 3 | 3 | Қойылған міндеттерді орындауға және құрылымдалған, болжамдықты тәуелсіздікке ортадағы шектеулі және жауапкершілікті көздейтін басшылықпен нормаларды іске асыру бойынша атқарушылық қызмет.<br>Кәсіби ортада жаңалықты дұрыс қабылдай алу, оқуға қабілеттілік, соңғы нәтижеге ұмтылыс. Өз жұмысын жеке немесе топта мақсатты ұйымдастыру дамыған қабілетінің дамуы. Берілген тапсырманы орындау жолын өздігінен табу.<br>Орындалған жұмыстардың нәтижесі үшін, өзінің қауіпсіздігі, өзінің қауіпсіздігі үшін, қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптардың орындалуы үшін жауапкершілік | Жұмыста өздерінің негізгі кәсіби білімдерін және білім алу нәтижесінде ие болған машықтарын қолдану, алған білімін практикада қолдана білу, техникалық құжаттамаларды оқу алу, қойылған алгоритмді іске асыра білу. | Ішкі еңбек тәртібін, еңбек қорғау нормаларын, қауіпсіз техникаларын, өндірістік санитарияны және өтке қарс қорғауды біл<br>Жұмыс орнына орнатылға техникалық құжаттаманы жүргізу.<br>Бірінші және екінші біліктіл деңгейлі персоналдар үші технологиялық режимдер жүргізу аясында өндірісті тапсырмаларды қалыптасты<br>Көліктік машиналар паркін және жабдықтарға және көліктік құралдар өндірісін қатысты нормативтік құжаттамалар көлеміне қаже білімі. |
| 4 | 4 | Белгіленген қызметтерді іске асыру кезіндегі нәтижелер үшін жауапкершілікті көздейтін ортада жалпы басшылықта нормаларды іске асыру бойынша атқарушылық - басқару қызметі.<br>Қойылған мақсатты ескере отырып, құрылымдаған, болжамсыздықтың азғана ықтималдылығына ие ортада туындайтын мәселелерді шешуді өздігімен жоспарлау. Қойылған міндеттерді өздігімен шешу.<br>Үлгілік тәжірибелік мақсаттарды шешу, нұсқау бойынша белгілі әрекетің тәсілін таңдау, орындау жағдайын ескере отырып әрекеттерді түзету. | Жұмыста өздігінен анықтау және өздігінен нормалау дағдысын қолданады. Алға қойған тапсырмаларды нақтылайды, қол астындағыларға тапсырмалар береді, қызмет нәтижелерін бағалайды, білім және дағды жетіспеушілігін анықтайды, қызметкерлердің кәсіби өсуін дәлелдейді.<br>Жұмыс уақытында бірінші, екінші және үшінші деңгейлі қызметкерлердің қызмет жетістігін қамтамасыз ететін жағдайларды жасайды.<br>Жұмыс орнына арналып қойылған техникалық құжаттамаларды жүргізеді.<br>Клиенттермен, вокзалдармен, станциялармен және кассалармен байланысты жүзеге асыру үшін қол астындағыларға тапсырмаларды беруді нақтылайды.<br>Ұйымның дағдысын және өндірістік инструктаж | Технологиялық процестерд қызмет ету аясында техникалық құжаттамаларді әзірлеу.<br>Технологиялық режимдер жағдайы және жабдықтар туралы ақпараттарды жина және осы ақпараттарды ұйымдастыру – техникалы құжаттамаларға сәйкес сәйк параллельді немесе бақылаушы деңгейге бе<br>Бақылау-диагностикалық құралдардың міндеттерін жә олардың жұмыс істеу принциптерін, еңбекті қорға қағидасын және нормалары техника қауіпсіздігін, өндірістік санитария жән өртке қарсы қорғауды бі<br>Автокөлік құралдарының ақауларын байқау бойынш күрделі операцияларды орындау тәсілдерін бі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | жүргізе білу. Диагностикалауға қажетті техникалық құралдарды таңдай білу. Көлік құралдарының ақаулығын байқау бойынша қажетті технологиялық операцияларды таңдай білу. Көлік құралдарына диагностика жасау құралдарына жөндеу және қызмет көрсету бойынша дағдыларды таңдай білу. | Автокөлік құралдарына техникалық диагностика жүргізуді, бақылау-диагностикалық жабдықтарының пайдалану және жөндеу бойынша нұсқаулығын білу. |
| 5 | 5 | Жағдайды немесе ақпаратты талдау әр түрлі факторларды терең бағалауды талап ететін күрделі міндеттермен жұмыс жүргізуді ұйғаратын технологиялық процесс учаскесі шеңберінде атқарушылық-басқарушылық қызмет , сондай-ақ құрылымданған болжамсыз ортадағы нақты учаскедегі нәтиже үшін жауапкершілікті қабылдай отырып, қызметкерлерді басқару. Ауызша және жазбаша коммуникацияға қабілетінің дамығандығы. Күрделілігі: жұмыс жағдайында әртүрлі жағдайларда тәжірибелік міндеттерді шешу, ағымдағы және қорытынды бақылау, қызметті бағалау және түзету. Жағдайды немесе ақпаратты талдау әр түрлі факторларды терең бағалауды талап ететін күрделі міндеттермен жұмыс жүргізуді ұйғаратын кәсіпорын қызметі стратегиясының шеңберінде атқарушылық-басқарушылық қызмет , сондай-ақ құрылымданған болжамсыз ортадағы нақты учаскеде болатын нәтиже үшін жауапкершілікті қабылдай отырып, қызметкерлерді басқару. Ауызша және жазбаша коммуникацияға даму қабілеттілігі. | Заманауи ой-қабілет машықтарың, жобалау тобының ішінде жұмыс істей білу машықтарының кең жиынтығын жұмыста қолданады, жұмыс процесін басқара біледі, логикалық, жүйелік және бірізді тәсілдерді қолдана отырып, мәселелерге шешім таба біледі. Адамдарды оқыту және нұсқау беру, басқа адамдарда жаңа білім мен тәжірибе алу тілегін тудыру машықтарына ие. Өндеу және жүйелік талдау жүргізеді. Мониторинг. Жобалау үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану машықтарын иеленген. Өлшеуді және байқауды жүргізу техникасын пайдалану машықтарын иеленген. | Кәсіби жағдайларды жүйел талдау және жобалау әдістемесі, басқарушылык шешімдер қабылдау тәсілде туралы, ұжым мен топ құр туралы білі Технологиялық режимдер жағдайы және жабдықтар туралы ақпараттарды жина және осы ақпараттарды ұйымдастыру – техникалы құжаттамаларға сәйкес сәйк параллельді немесе бақылаушы деңгейге бе Технолгиялық процестерге қызмет ету шеңберінде техникалық құжаттаманы әзірлеу және варикациял Деректер негізінде көлік құралдары жұмыстарын қалдық ресурстарын анықт әдісін, диагностикалау, еңбе қорғау қағидаларын жән нормаларын, өндірістік санитарияны және өртке қар қорғауды біл Ұйымдастыру, бақылау жән көлік құралдарын диагностикалау процесін шұғыл басқаруды біл Бақылау-диагностикалық құралдарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ет әдістерін білу. |
| | | | Жұмыс процесін басқару машықтарының жиынтығын жұмыста қолданады, нәтижелер алу үшін бағалаудың әдістерін, әдістемесі мен критерийлерін таңдайды, | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | 6 | Жағдайды немесе ақпаратты талдау әр түрлі факторларды терең бағалауды талап ететін күрделі міндеттермен жұмыс жүргізуді ұйғаратын кәсіпорын қызметі стратегиясының шеңберінде атқарушылық-басқарушылық қызмет , сондай-ақ құрылымданған болжамсыз ортадағы нақты учаскеде болатын нәтиже үшін жауапкершілікті қабылдай отырып, қызметкерлерді басқару. Техникалық салада терең білім мен машықтарды көрсете білудің дамыған қабілеті. Көшбасшылық танытады және топ жұмысының нәтижелілігі үшін, оның болжамсыз ортада дамуы үшін жауап береді. Күрделігі: кәсіби қызметті таңдауды және әтісілдердің көп түрлілігі, әзірлеу, енгізу, бақылау, бағалау және компоненттерді түзету шамаланған технологиялық немесе әдістемелік сипаттағы міндеттерді шешу. Қауіпсіздік талаптарына және жағдайларына тиімділікті және тепе-теңдікті талдау, кәсіпорынның бөлімшелеріндегі қолданыстағы технологияларды және техникалық шешімдерді талдау және анықталған сәйкессіздіктерді реттеу. Кәсіпорынның бөлімшелеріндегі қолданыстағы технолгиялық процестердің аппаратуралық рәсімдерін қауіпсіздік және тиімділік талаптарына және шарттарына және анықталған сәйкессіздіктерді реттеудің техникалық сәйкестігіне талдау. | құзыреттерді бөліп таратуды және құқық беруді , тиімді топтар қалыптастыруды біледі, сондай-ақ өндірістік процесс барысында шешім қабылдай біледі. Жоспарлау, ұйымдастыру және кәсіпорынның қызметкерлеріне техникалық оқу жүргізу машықтарына ие. Көлік құралдарын диагностикалау нәтижелерін өңдеу процесін ұйымдастыру және басқару бойынша машықтарға ие. Кәсіпорында табылатын көлік құралдарын техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде диагностикалық жұмыстарды таңдау машықтарына ие. Ғылымы-техникалық ақпараттар көлік құралдарын диагностикалау құралдарының даму тенденцияларын анықтау бойынша машықтарға ие. Кәсіпорынның көлік құралдарының диагностикалау постарын жобалау бойынша машықтарға ие. Көлік құралдарының техникалық жағдайларын диагностикалаудың технологиялық процестерін әзірлеу бойынша машықтарға ие. Кәсіпорының қызмет стратегиясына әсер ететін деректерді қамтитын техникалық құжаттамаларды жасауға басқару және бақылау бойынша машықтарға ие. | Үздіксіз білім беру әдістері және қызметкерлерді техникалық оқыту принциптерін, еңбекті қорға қағидасын және нормалары техникалық қауіпсіздікті, өндірістік санитарияны жән қорке қарсы қорғауды бі Қызметкерлерді бағалау әдістерін және біліктілікт жоғарылату тәсілдерін бі Көлік құралдарының жұмыстарының қалдық ресурстарын анықтау процес басқару әдістерін диагностикалау негізінде же білу. Кәсіпорынның көлік құралдарына техникалық қызмет ету және жөнде процесін және осы процес шеңберінде қажетті диагностикалық жұмыстард жетік біл Ғылыми техникалық ақпараттарды талдаудың заманауи әдістерін бі Заманауи тенденцияларды ескере отырып көлік құралдарын диагностикала құралдарын жаңғырту жән жаңарту принциптерін бі Көлік құралдарына диагностика жүргізуге жауа беретін кәсіпорынның инфрақұрылым объектілері жобалау әдістерін бі Көлік құралдарың техникал жағдайын диагностикалауды технолгиялық процестерін әзірлеу әдістерін бі |
| | | Бизнес-логиканы жобалауды ұйғаратын атқарушылық-басқарушылық қызмет , сондай-ақ құрымданбаған болжамсыз ортада бөлімше деңгейінде технология саласын | Жүйені жобалау/үлгілеу машықтарын жұмыс барысында қолданады, тұжырымдама | Тұжырымдамаларды, стратегияларды, қызметтің және өзара іс-қимылдың қызметтік үлгілерін, міндетт |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | 7 | дамытудың стратегиялық бағыттары үшін жауапкершілікті қабылдай отырып, қызметкерлердің жұмысына басшылық ету. Құрылымданбаған болжамсыз ортадағы ұйым немесе бөлімше деңгейіндегі нәтиже үшін жауапкершілікті қабылдай отырып бөлімше немесе ұйым стратегиясын ұйғаратын ұйым қызметінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Басқарудың нақты объектісі қызмет етуінің мүмкін болатын нұсқаларын жүйелі және кешенді түсінудің дамыған қабілеті, осы нұсқалардың туындау уақытын және ықтималдылығын, сондай-ақ олардың әрекет ету ұзақтылығын анық бағалау. | негіздемелерін қалыптастыра біледі және оларды таныстыра білу, күрделі техникалық мәселелерді шешу үшін сараптамалар жүргізу және қызметтік бойынша неғұрлым оңтайлы сәулеттік шешімдерді енгізуді қамтамасыз ету. Нарық үрдістеріне қарай отырып, ұйымның бәсекеге қабілеттілігін талдау машықтарын көрсетеді. Бизнес ортадағы өзгерістерді танып, өз бөлімшесі дамуының стратегиялық бағытын анықтай біледі. | мен мәселелерді қою жән оларды жүйелік шешу әдістерін құрастыру әдістеме туралы біл Көлік жүйесін жобалау әдістемесін білу. Технологияның және көлі жүйелерін дамыту тұжырымдамасы. Жобалау қызметінің өмірлі циклын, көлік жүйелерін әзірлеу ережесін, компаниялардың негізгі бизнес-процестерін, персоналды басқару негіздер өндірісі мен менеджментт басқару психологиясын, көліктік қауіпсіздік мәселелерін білу |
| 8 | 8 | Болжамсыз және құрылымданбаған орта шартындағы ірі институционалдық құрылым деңгейінде шешім мен жауапкершілікті қабылдай отырып, процесті және қызметті басқару стратегиясын анықтауды ұйғаратын басқарушылық қызмет. Өзгерістерді басқарудың, анықсыздық жағдайларында жұмыс істеудің, күрделі шешімдерді, сондай-ақ деректердің жеткіліксіздігі жағдайындағы шешімдерді жылдам қабылдаудың дамыған қабілеті, көшбасшылықты үнемі көрсету. Оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін басқару құрылымын әзірлеуге арналған қызметің бағыттылық мазмұнын анықтайтын алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге сараптама жүргізу. Жоспарланған іс-шараларды жоспарлау, ұйымдастыру және орындалуын бақылауға алу. Ұйымдастырушылық-өкімдік қызметтің тиімділігіне талдау жүргізу. Қажет болған жағдайда реттеуші шешімдер әзірлеу. Бағынысты бөлімшелердің қызметінің тиімділігіне талдау жүргізу. Қажет болған жағдайда реттеуші шешімдердің орындалуын әзірлеу және ұйымдастыру. Стратегияларды анықтау, күрделі | Экологиялық және стратегиялық ойлау қабілетін, логикалық әдістерді пайдалана отырып, өзара пайдалы шешімдерді қабылдай алу дағдысын, кәсіби қызмет және өзара іс-қимыл модельдерін құру және жүзеге асыру әрекеттерін иеленген. Жұмыс күні ішінде жетінші деңгейлі қызметкерлерінің табыстылығын қамтамасыз ететін жағдайлар жасайды. Персоналды даярлау және жұмыстарды ұйымдастырудың қажетті деңгейі болған кезде қауіпсіздік жобалау шектері мен жағдайларды сақтаудың бұзылуына жол бермейтін жағдайларды сақтайды. Өкімдер береді, бөлімшелердің қызметін ұйымдастыру саласында тапсырмаларды қалыптастырады және олардың орындалуын бақылайды. Жаңа білім мен жаңа шешімдер алуға жетелейтін жобаларды зерттеу, әзірлеу, | Кәсіптік қызмет, сондай-а қаржы, маркетинг, халықаралық нарық саласындағы ең терең жән толық білі Қызметтің кооперативтік жүйелерін құру және өзар іс-қимылы, макроәлеуметті және макроэкономикалық жүйелерді модельдеу жән басқару әдіснамасы турал білім. Кәсіпорынның ішкі стандарттарына, МемСТ-ға және басқа нормативтік құжаттарға сәйкес |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | әлеуметтік, өндірістік, ғылыми процестерді басқару. Сала, ел ауқымында, халықаралық деңгейде нәтиже үшін жауапкершілікте болу. Маңызды деп табылатын көшбасшылық қасиеттерді, жаңашылдық және көптеген өзара байланысты факторлармен проблемаларды шешуді талап ететін жаңа түпмәтіндердегі еңбек етудің дербестігін көрсету. Жаңа және күрделі идеяларға талдау жүргізу, бағалау және синтездеу және осы процестер негізінде стратегиялық шешімдер қабылдау. Күрделі жағдайларда стратегиялық шешім қабылдау мүмкіндіктері туралы операционалды өзара іс-қимыл тәжірибесін көрсету. Басқарылатын процестердің тиімділігін арттыруымен байланысты зерттеулік және жобалық сипаттағы мәселелерді шешу. | іске асыру және бейімдеу, басқару және/немесе жаңашылдықтағы сыни проблемаларды шешу үшін талап етілетін және қазіргі білімін немесе кәсіби практикасын қайта қарауға және жаңартуға мүмкіндік беретін синтез бен бағалауды қоса алғанда, ең ілгері және мамандандырылған машықтар мен іскерліктерге ие .<br>Идеяны тудыра, инновациялық қызмет нәтижелерін болжай, кәсіби және әлеуметтік салада кең ауқымды өзгерістерді жүзеге асыра, күрделі өндірістік және ғылыми процестерді басқара біледі. | бағдарламаларды және жобалау құжаттарын әзірле саласындағы ғылыми-зертте және жобалау ұйымдарыме ұйымдастыру. |
| БҰШ деңгейі | СБШ деңгейі | Кәсіби қызмет салас<br>2. Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қызметтерін ұсыну | | |
| | | Жеке және кәсіби құзыреттіліктерге қойылатын талаптар | Іскерлікке және машықтарға қойылатын талаптар | Білімге қойылатын талаптар |
| 1 | 1 | Күрделі емес жабдықты құрастыруға және бөлшектеуге дайындағанда қарапайым қызметтерді іске асыру бойынша тікелей басшылықтағы атқарушылық іс-қимылдар. Осы іс-қимылдардың кеңістікті-уақыттық, физиологиялық немесе қызметтік сипаттамаларын анықтайтын жұмыс беруші алдын ала белгілеген критерийлермен өз әрекеттерін салыстыра отырып, жұмыс беруші алдын ала әзірлеген алгоритмдер бойынша қарапайым іс-қимылдарды орындау. | Үлгілі күрделі емес практикалық тапсырмаларды орындайды, өзін өзі қадағалау және өзін өзі тәртіптеу машықтарын иеленген.<br>Еңбектің жалпы техникалық, өртке қарсы, арнайы және экологиялық қауіпсіздігін анықтайтын ережелердің нормативтері мен талаптарына сәйкес өз іс-қимылдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өзі бақылауды жүзеге асырады. | Еңбек мәні, оны түрлендіру проц және тиісті атқарушылық іс-қимь циклы туралы негізгі біл Заттар мен еңбек құралдарыны жағдайы туралы бастапқы ақпаратты жинау және осы ақпаратты тапсырмаға және/неме жұмыстардың орындалатын алгоритміне сәйкес қатар немес бақылаушы деңгейге беру. |
| | | Технологиялық жабдықтардың күрделі емес жекелеген тораптарын өндіру, құрастыру және бөлшектеу кезінде | Нұсқаулықтар негізінде жұмыстардың тәсілін таңдайды және күрделі емес практикалық тапсырмалар орындайды, жай өндірістік жағдайларда өзін-өзі бақылау және өзін-өзі | Еңбек мәні, қарапайым үлгіл міндеттерді орындауда |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | 2 | жауапкершілік пен дербестіліктің белгілі бір дәрежесін көздейтін басшылықтағы нормаларды іске асыру жөніндегі атқарушылық қызмет.<br>Бірінші біліктілік деңгейінің персоналы үшін алгоритмдердің ағымдағы сәтінде орындалатын бұрын әзірлегендер шеңберінде қарапайым іс-қимылдарды орындауға тапсырмалар жасау. | түзету дағдыларына ие. Бірінші деңгейдегі персоналға тапсырмаларды беру және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Жұмыстардың орындалатын алгоритмі шеңберінде өзінің және персоналдың іс-қимылын үйлестіреді. Жоғары деңгейдегі персоналмен дайындалған реттеуші шешімдердің орындалуын келісуді жүзеге асырады. | нәтижелерге қол жеткізу құралда мен тәсілдері туралы, атқарушыл қызмет рефлексиясы туралы негіз білім. Заттар мен еңбек құралдарының жағдайы турал бастапқы ақпаратты жинау жән осы ақпаратты тапсырмаға жә немесе жұмыстардың орындалат алгоритміне сәйкес қатар немес бақылаушы деңгейге беру. |
| 3 | 3 | Ілеспе құжаттарға сәйкес жүктерді алуға көзделетін жауапкершілік басшылық нормаларын алуға іске асыру жөніндегі атқарушылық қызметі.<br>Күрделілігі: нақты анықталған стандартты әрекеттерді орындау, стандартты/типтік міндеттерді шешу, білім және практикалық тәжірибе негізінде танымал әрекеттердің тәсілін таңдау, олардың орындалу шартын ескере отырып, түзету.<br>Өздігінен әрекет ету – қойылған тапсырманың орындалу жолдарын шешу.<br>Қойылған міндеттерді шешу үшін кәсіби әрекет ете білу. Орындалған жұмыстардың нәтижесіне, өзінің қауіпсіздігімен, басқалардың қауіпсіздігіне, қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптардың орындалуына жауапкершілігі. | Жүктерді есепке алу, қабылдау, алып жүру, сапалы және сандық көрсеткіштердің ілеспе құжаттармен салыстырып тексеру, оларды тасымалдау кезінде сақталуын қамтамасыз етеді.<br>Жүктерді тасымалдау үшін құралдардың болуын және дұрыстығын тексеру, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу дұрыстығын тексеру, жүкті көлікпен тасымалдау және ілеспе құжаттардың талаптарына сәйкес жүктерді орналастыру және төсеу. Жүктердің жетіспеуі және бүлінуі туралы құжаттарды дайындауына қатысу дағдылары. (Жолаушылар мен жүктерді) тасымалдау процесінің жүру барысына бақылауды жүзеге асыру бойынша тәжірибелік дағдылар. (Жолаушылар мен жүктерді) тасымалдау процесінің жүру барысының оперативтік есепті жүргізу дағдылары. Коммуникация және байланыс құралдарымен, есеп техникасымен жұмыс істеу дағдылары. | Ішкі еңбек тәртібін, жүктерд қабылдап алу тәртібін, негізгі жү жеткізушілердің және олардың қоймалардың мекен жайларын жүктерді қабылдап алу және жібе құжаттардың нысандарын жән оларды толтыру, еңбекті қорға нормаларын, қауіпсіздік техника, өндірістік санитарияны жән өртке қарсы қорғауын біл Жұмыс орны үшін белгіленге техникалық құжаттаманы жүргі Бірінші және екінші біліктілі деңгейлерінің персоналы үшін технологиялық режимдерді жүрг шеңберінде өндірістік тапсырмаларды қалыптасты (Жолаушылар мен жүктерді) тасымалдау шарттарын, экспедицияланатын жүктерді сақтау талаптарын, (жолаушыла мен жүктерді) тасымалдау бағдарларын біл Жолаушыларды, жүктерді тиіс көлікпен тасымалдау нормалары жүктер ораманың (ыдыстың) бұзылуының және ақаулықтың негізгі типтерін біл Ұйымның экспедициялау жұмысына қатысты нормативті құжаттарды қажет көлемінде тапшылық, бұзылу туралы актілердің және басқа құжаттард нысандарын және оларды толтыр тәртібін біл Жол парағын толтыру тәртібі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Жұмыстардың орындалатын алгоритмі шеңберінде бірінші және екінші деңгейдегі өз іс-қимылын және персоналдың іс-қимылын үйлестіруді жүзеге асырады. Өз іс-қимылын анықталған тапсырмалар мен жұмыстардың орындалатын алгоритмі шеңберінде параллельді жұмыс істейтін қызметкерлермен үйлестіру. | және жол ережесін, көлік құралдарын пайдалануға жіберуд негізгі ережелерін және лауазымд адамдардың міндеттемелерін жә жол ережесін қамтамасыз ет бойынша жол қозғалысына қатысушыларды және Көліктер арнайы жарық сигналдарымен ж дыбыс сигналдарымен және арна түсті графикалық схемалармен бояуға жататын жедел және арна қызметтер тізбесін білу. |
